

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

- **ТЕКСЕРГЕН: ШЕКЕРБЕКОВ Қ.**
- **ОРЫНДАҒАН: ҚАРТБАЕВА Ж.Қ**

**ТОБЫ:301-18**

# **ЖОСПАР:**

- 1).ТӘУЕЛСІЗДІК ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫС  
ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ.**
- 2).ҚР РӘМІЗДЕРІН БЕКІТУ. ҚР-НЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛАРЫ.**
- 3).МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК АЙМАҚТЫҚ  
БӨЛІНУ.**
- 4).ҚР-НЫҢ ҰЗАҚ ЖЫЛДЫҚ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ 2030-2050  
ЖЫЛДАҒЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ**

# Н.Ә. Назарбаев

*Нұрсұлтан Назарбаев* 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысының Қарасай ауданына қарасты Шамалған ауылында Әбіш пен Әлжанның отбасысында дүниеге келген. 1940 жылы 6 шілдеде Іле Алатауының баурайындағы Үшқоңыр жайлауында Әбіш пен Әлжан Назарбаевтардың шаңырағында дүниеге келді. Оған әкешесі Нұрсұлтан деп ат қойды.





# Қызмет жолы

- 1960—69 жж. — Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.
- 1969—73 жж. — Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.
- 1973—77 жж. — Қарметкомбинаттың партком хатшысы.
- 1977—79 жж. — Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-ші хатшысы.
- 1979—84 жж. — Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы.
- 1984—89 жж. — Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы.
- 1989—91 жж. — Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы,
- 1990 ж. ақпан—сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы болды.
- 1990 ж. сәуірінен — Қазақ КСР президенті.

1991 ж. желтоқсанның 1-інде тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,78 %) жеңіске жетті.

1995 ж. сәуірдің 29-ында жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігі 2000 ж. дейін ұзартылды.

1999 ж. қаңтардың 10-ында өткен жалпыхалықтық сайлаудың нәтижесінде Н. Назарбаев 79,78 % дауыс алып, Қазақстан Республикасы Президенті болып қайта сайланды.

2005 ж. желтоқсанның 4-інде сайлаушылардың 91,5 % дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

2011 ж. сәуірдің 3-інде сайлаушылардың 95,5 % дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

2015 ж. сәуірдің 26-ында сайлаушылардың 97,7 % дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

**1991 ЖЫЛЫ КСРО БДЫРАП, ОДАҚТЫҢ  
ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЕЛДЕР ӨЗ АЛДАРЫНА ЖЕКЕ  
МЕМЛЕКЕТ БОЛЫП ЖАТТЫ. СОЛАРДЫҢ  
ҚАТАРЫНДА ҚАЗАҚСТАН ДА БОЛДЫ. 1991 ЖЫЛЫ  
16-ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРҒЫ  
КЕҢЕСІ “ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ  
ЕГЕМЕНДІГІ ТУРАЛЫ” ЗАҢДЫ ҚАБЫЛДАДЫ.  
ЕСКЕРЕТІНІ, ҚАЗАҚСТАН КСРО ҚҰРАМЫНДАҒЫ  
ЕЛДЕРДІҢ АРАСЫНДА ЕҢ СОҢҒЫСЫ БОЛЫП  
ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАБЫЛДАДЫ. БҰЛ  
ЗАҢ 1990 ЖЫЛЫ 25-ҚАЗАНДА ҚАБЫЛДАНҒАН  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕГЕМЕНДІГІ ТУРАЛЫ  
ДЕКЛАРАЦИЯМЕН БІРГЕ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЕЛДІГІН  
НЫҒАЙТА ТҮСТІ.**



1991 жылы КСРО ыдырап, Одақтың құрамындағы елдер өз алдарына жеке мемлекет болып жатты. Солардың қатарында Қазақстан да болды. 1991 жылы 16-желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі “Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы” заңды қабылдады.



Ескеретіні, Қазақстан КСРО құрамындағы елдердің арасында ең соңғысы болып Тәуелсіздігі туралы заңды қабылдады. Бұл заң 1990 жылы 25-қазанда қабылданған Қазақстанның Егемендігі туралы Декларациямен бірге Қазақ елінің елдігін нығайта түсті





Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары мойындады, *екінші* болып айдаһардай айбарлы Қытай, сонан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Монғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. **Иран — Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мұсылман мемлекет.**



Ал “Тәуелсіздігімізді ең алғаш болып бауырлас Түркия мемлекеті мойындады” деген сөздің ақиқат еместігін білгеніміз жөн. Түркия алғаш болып Қазақстанда өз елшілін ашты, бірақ тәуелсіздігімізді мойындауда он жетінші болды. Бұл деректі еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған, елдің сыртқы саясат тұжырымдамасы авторларының бірі болған Вячеслав Физзатов келтірген. ҚР Сыртқы Істер министрлігінде тіркелген дипломатиялық құжаттарда Түркияның Қазақстан тәуелсіздігін ресми түрде мойындайтын протоколға 1992 жылдың 2-наурыз күні қол қойғандығы көрсетілген.

**Конституция** - Қазақстан республикасының негізгі заңы. Республиканың президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы қысқа мерзім ішінде әзірленді. Ол халық талқылауынан өтіп, референдум арқылы өз күшіне енеді. Жаңа Конституцияның өмірге келуі, жан-жақты сараптамадан өтуі Н.Назарбаевтың атымен тікелей байланысты. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр. Еліміздің бұл Негізгі Заңы бірінші рет Қазақстан Республикасын президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жария етті.



## Конституция туралы жалпы түсінік

**Конституция, Ата Заң** ( латынның лат. *constitutio* — яғни «құрылым» сөзінен шыққан.

Мемлекеттің негізгі заңы, елдегі барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңды күшке ие заң немесе заңдар тобы. Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты болып табылады.. Мемлекеттің барлық басқа заңдары оның қағидаларына барынша сәйкестендіріле отырып қабылданады. Конституциялық қағидалардың бұзылуы өте елеулі құқық бұзушылық болып табылады.

**Қазақстан Республикасының Конституциясы** — Қазақстан Республикасының Ата Заңы. Ағымдағы Конституция 1995 жылы 30 тамыз күні жалпы халықтық Референдум негізінде қабылданды және 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады. Конституция мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат болып табылады. Ол мемлекеттік тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады. Бұл тәуелсіз Қазақстанның қабылдаған екінші конституциясы. Алдыңғы конституция 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын.



# ҚР Конституциясы:



**ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**



**АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ**



**ПРЕЗИДЕНТ**

ҚР Конституциясы осы бөлімдерден тұрады

# 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғары кеңесі мемлекеттік рәміздерді қабылдады



## Менің Қазақстаным

Сөзін жазғандар: Нұрсұлтан Назарбаев  
Жұмекен Нәжімеденов

Әні: Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны –  
Еліме қарашы  
Ежелден ер деген,  
Даншымсыз шықты ғой!  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің жерім,  
Гүлің болып егіледім.  
Жырым болып төгіледім, елім!  
Туған жерім менің -

Қазақстаным!  
Ұрпаққа жол ашқан,  
Кен байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындай.  
Біздің ел бақытты, Біздің ел осындай!

## 9-бап:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтанбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.



# Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері



## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нашықталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы-1:2

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының біркелкі түсі бірігу идеясын білдірумен қатар, әрқашанда бейбітшіліктің, тыныштық пен жарқын болашақтың белгісі саналатын бұлтсыз ашық аспанды еске салады.

Геральдика тілінде көк түс пен оның реңктері адам бойындағы адалдық, тазалық, үміт сияқты қасиеттеріне сәйкес келеді. Шұғылалы алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелесе, дала бүркіті қазақстандықтар ұғымында дарқандық пен қырағылық, биіктік белгісі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының авторы суретші Шәкен Ниязбеков.



## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы-дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шанышылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде- бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазуы бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазуы алтын түстес.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының негізіне шаңырақ алынған. Ол елтаңбаның жүрегі іспеттес.

Шаңырақ әлемнің бір тұтастығын, мемлекеттік бастауы отбасы ошағын бейнелейді. Қанатты тұлпар мәңгілік өмір, шексіз даму және Қазақстан секілді бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан халықтардың рухани байлығының белгісі. Қанатты тұлпар болашаққа үміт артар жас ұрпақтың арманы, самғау биігі.

Елтаңба төбесінде бес бұрышты жұлдыз бар. Әр адамның өмірінде жол көрсетер өз жұлдызы болады. Мемлекеттің де осындай жұлдызы болуы керек.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары сәулетшілер Шот-Аман Уалиханов пен Жандарбек Мәлібеков.

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні

Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов,  
Нұрсұлтан Назарбаев  
Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қарашы!  
Ежелден ер деген,  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:  
Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,  
Кең байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындай.  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:  
Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің - Қазақстаным!



## Шакен Ниязбеков

– Қазақстан Мемлекеттік Туының авторы және суретші. Ол 1938 жылы 12 қазанда Тараз қаласында өмірге келген. Шакен Ниязбеков анасы жағынан кеңес одағының батыры Бауыржан Момушылының туысы, сонымен қатар арғы ата-бабалары Төле би болған екен. Ол 10 жасында ата-анасынан, апасынан айрылған. Мектепті бітіргеннен кейін Ленинградтағы В.И.Мухин атындағы жоғарғы сурет-өнеркәсіп училищесін бітірген. Студент болып жүрген кезінен-ақ ол Эрмитаждағы, Петродворец-тегі Исаакиев соборын қайта өңдеу жұмыстарына қатысқан. Ол өзінің басты ұстазы суретші Әбілхан Қастеев деп есептейді.





# Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтанбасының авторлары — Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов



**Мәлібеков Жандарбек Мәлібекулы** – ҚР-ның Мемлекеттік Елтаңбасының авторы, Өзбекстанның еңбегі сіңген архитекторы.

Ол 1942 жылы 24 наурызда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы, Екпінді ауылында дүниеге келген. Ол Ташкенттегі архитектуралық Политехникалық институтты бітірген. Өзбекстанның ғылыми – зерттеу институты өнеркәсібінің және қала құрылысының басты жобасының архитекторы. Қазір Астана қаласында тұрады



**Уәлиханов Шота-Аман Ыдырысұлы**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Қазақстанға еңбегі сіңген архитектор, Қазақстан Республикалық Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Ол 1932 жылы 26 сәуірде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы, Сырымбет ауылында дүниеге келген. Қазіргі уақытта Мемлекеттік тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының бастығы.





## **Шәмші Қалдаяқов (1930-1992)**

композитор. ҚР Мемлекеттік әнұраны  
әнінің авторы.

Ол 1930 жылы 15 тамызда Оңтүстік  
Қазақстан облысы, Қызылқұм  
ауданында дүниеге келген. 1956-62  
жылдары Алматы консерваториясында  
оқыған.

Ш. Қалдаяқов көптеген жастар жайлы  
лирикалық өлеңдердің авторы.  
Композитордың творчествосында 3000  
астам өлең бар. Сол өлеңдерін  
Қазақстанның белгілі әншілері  
Б.Төлегенова, Р.Рымбаева,  
Н.Нүсіпжанов т.б. орындап жүр. «Менің  
Қазақстаным» әні оның  
творчествосындағы маржаны деп  
есептеледі. Осы әні ең алғаш рет 2006  
жылы қаңтар айында Ақордада  
Н.Назарбаев президенттік қызметіне  
кіріскенде салтанатты түрде  
орындалды. Алматының орталық  
концерт залы және бір көшесі  
композитордың есімімен аталады.





**Жүмекен Нәжімеденов** – ҚР-ның Мемлекеттік әнұранының авторы. «Менің Қазақстаным» өлеңінің сөзін ол 21 жасында жазған екен.

Ол 1935 жылы 28 қарашада қазіргі Атырау облысы, Құманғазы ауданында Қошалақ жерінде өмірге келген. Ол атасы Нәжімеден Стамгазиевтің қолында өскен. Сөз өнеріне сүйіспеншілігін, Отанның тарихын және Қазақ елінің салт-дәстүрін біліп өсуге жеке адам болып қалыптасуына атасының әсері мол болған. Жүмекен Нәжімеденов Қазақстан Мемлекеттік консерваторияда оқыған. Кейінірек «Жазушы» баспасында редактор болып, «Лениншіл жас» газетінің бөлім меңгерушісі, «Қазақстан» жазушылар одағының әдеби кеңесшісі, Мемлекеттік баспа комитетінің редакторы, «Мектеп» баспасының меңгерушісі болып істеген. 48 жасқа алты күн қалғанда 1983 жылы 22 қарашада қайтыс болған.





## **Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев**

**1940 ж. шілденің 6 Алматы облысы Қаскелен ауданы Шамалған ауылында дүниеге келген.**

**1967 ж. Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқы орнын бітірді. Экономика ғылымдарының докторы.**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Халықаралық инженерлік академияның, Ресей Федерациясы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің құрметті профессоры. Беларус ғылым академиясының құрметті мүшесі. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.**

Кезінде Жүмекен Нәжімеденов жазған ән сөзіне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің бастамасымен кейбір түзетулер енгізілді. Елбасының ұсынысы бойынша біріншіден, әнұранның мәтінінде ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрініс тапты. Екіншіден, мәтінде асыл мұрамыз – еліміздің кеңбайтақтығы, үшіншіден, жер мен ел байлығы біздің ұрпақтарымыздың болашағына айқын жол ашатыны көрініс тапқан. Ең бастысы – тәуелсіздігіміздің алтын діңгегі – ел бірлігі баса айтылған.



1992 жылдың басында Назарбаев «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясын» әзірлеп, елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыт-бағдарын айқындады.

Соның нәтижесінде 1997 жылдың басына қарай елде макроэкономикалық тұрақтылық орын алды, инфляция тоқтатылды, өнеркәсіп жанданып, қаржы-бюджет, салық жүйесі құрылды, жекешелендіру жүргізілді, зейнетақы жинақтау жүйесі дүниеге келді, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реформалау жүзеге асты.

Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиясы мемлекет дамуының басым бағыттарын айқындады. 2006 жылғы халыққа Жолдауында Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы белгіленген.

Назарбаевтың экономист және саясаткер ретіндегі жеке беделі елде қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасуына, көптеген мемлекеттермен және халықаралық қаржы институттарымен қарқынды экономикалық ынтымақтасуға игі ықпал етті. Республикада ауылды дамытуға, кедейлікпен күресуге, тұрғын үй құрылысын дамытуға және т.с.с. бағытталған ірі-ірі әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру басталды. Назарбаев индустриалды-инновациялық даму стратегиясын әзірледі, инвестициялық және инновациялық қорлар құрылды. Дүниежүзілік сарапшыларарасында «қазақстандық үлгі» термині пайда болды. Қысқа мерзім ішінде халықаралық ынтымақтастық тұжырымдамасын қалыптастырды. Оның көптеген бастамалары кең халықаралық жаңғырық тапты әрі мойындалды. Мәселен, Семей ядролық полигонын жабу, ядролық держава мәртебесінен бас тарту, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі дәйекті қызмет, т.б. Назарбаев ТМД, ОАО, Кеден одағы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Еуразия одағы сияқты халықаралық құрылымдарды дүниеге әкелудің бастамашысы. Ол БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында құруды ұсынған Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) іс жүзінде жұмыс істей бастады. Назарбаев мәдениеттердің, діндердің, өркениеттердің жүйелі сұхбаттасуын жолға қоюға көп көңіл бөледі. 2003, 2006 жылдары Астанада әлемдік діндер көшбасшыларының съездері табысты өтті.

2011 ж желтоқсан айында Маңғыстау оқиғасы орын алды. ВВС-дің айтуы бойынша бұл Назарбаевтің билікте болған уақытындағы оппозицияның ең үлкен қозғалысы. 2011 жылдың 16 желтоқсан күні Жаңаөзен мұнай қаласында мемлекеттің Тәуелсіздік Күніне орайы демонстрацияғы шыққандар мен полиция қызметкерлерінің арасында қақтығыс туды. Қарулы күштер қару қолдану салдарынан 15 адам оққа ұшты, 100 астам адам жараланды.



Қазақстан-2030 Стратегиясы– ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы қазанда қабылданған. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған арнауында баяндалған. Стратегияда көзделген мақсат – ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың экономикалық әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату. Осы мақсатқа орай мынандай ұзақ мерзімді негізгі бағыттар бөліп көрсетілді:





Ұлттық қауіпсіздік: аумақтық тұтастықты толық сақтай отырып, еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы. Мемлекеттің тұрақты түрде дамуын қамтамасыз ететін барлық қажеттіліктер шеңберіндегі бастапқы шарт – ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттіліктің сақталуы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі көрсеткіші ретінде демократиялы, индустриясы дамыған басты мемлекеттермен байланыстарды күшейту, халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен жәрдемін пайдалану қажеттігі атап көрсетілді. Мұның өзі халықар. қоғамдастық тарапынан Қазақстанға қолдау жасаудың жақсы жолға қойылуын, бай табиғи қорлардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, Қазақстан азаматтарының өз еліне деген сүйіспеншілік сезімін арттырады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысындағы сөзсіз басым бағыт сыртқы саяси қызметке, Қазақстанның өз көршілерімен және дүние жүзінің жетекші елдерімен өзара тиімді қатынастар қалыптастыруға саяды.





Ішкі саясаттың орнықтылығы және қоғамның шоғырлануы: бірлік – қоғам мен мемлекеттің одан әрі дамуының кепілі. Бұл салада барша азаматтар үшін тең мүмкіндіктің және барлық этн. топтар үшін тең құқықтың болуына кепілдік беру, ауқаттылар мен кедейлер арасындағы айырманы азайту, әлеум. мәселелерді шешу, саяси орнықтылық пен қоғамның шоғырлануын ұзақ мерзімге қамтамасыз ететін дәулетті Қазақстан мемлекетін орнату міндеті қойылды.



# «Қазақстан – 2050» стратегиясы





# Қазақстан 2050

"Қазақстан-2050" Стратегиясы - 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауында таныстырылды. Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы.



## «Қазақстан–2050» стратегиясы – Жасампаздықтың жаңа межесі

2013 жылдың 24 сәуір күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Қазақстан-2050» Стратегиясы: «бір халық – бір ел – бір тағдыр» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясы өтті. маңызды мақсат-міндеттерді айқындады:

- Мемлекеттілікті одан әрі дамыту және нығайту.
- Экономикалық саясаттың жаңа қағидаттарына көшу.
- Ұлттық экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету.
- Жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыру.
- Білім беру мен денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құру.
- Мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін, тиімділігі мен функционалдығын арттыру.
- Халықаралық және қорғаныс саясатының жаңа сын-қатерлеріне парапар саясат құру.



Назарларыңызға  
рахмет!

